



«Біз біргеміз!»

атты ұйымдастырылған ашық іс-әрекет

№5 «Күншуақ» мектепалды даярлық тобы

Тәрбиешілер: Жалғасова А.К.

Кабылбекова А.С.

Шымкент 2021ж.

Білім салалары : Қатынас , денсаулық , шығармашылық , әлеуметтік орта ,

Білім бөлімдері : Тіл дамыту , қоршаған ортамен таныстыру , көркем әдебиет.

Тақырыбы : Біз біргеміз !

Максаты : Бала-ән бірлік ,татулық, достық ұғымдарын терең ұғындыру , оның құндылық ретіндегі мәнін түсіндіру . Баланын бойында өз ұлтына , тілі мен туған жеріне деген сүйіспеншілігін арттыру , отанын сүйуге , қорғауға тәрбиелеу .

Көрнекілік құралдар : Қуыршақ театры : ширма , піл , маймыл , үкінің ойыншықтары , орман ағаштары , алма ағаштары , ағынды су суреті , су ағысының дыбысы , Қ.Р картасы , қағаз жүрекшелер , Қ.Р қазба байлықтары .

- Сәлеметсіздер ме , балалар ! Бүгін біз іс-әрекетімізді осы әдемі де кең , әрі жарық бөлмеде өткіземіз . Кәне бәріміз бір – біріміздің қолымыздан ұстап шеңберге тұрайық .

Шаттық шеңбері :
Біз балдырған тең басқан
Дос құшағын елге шашқан ,
Тілегіміз тыныштық ,
Ашық болсын кең аспан ,
Мықты болсын іргеміз
Бәрімізде біргеміз !

- Балалар , біз қандай Республикада тұрамыз ?
- Балалар : Қазақстан Республикасында .
- Елбасымыз кім ?
- Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев .
- Қ.Р президенті кім ?
- Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев .
- Бас қаламыз қай қала ?
- Нұрсұлтан қаласы .
- Қай қалада тұрамыз ?
- Шымкент қаласында .
- Қандай бала бакшаға келдіңдер ?
- Балалар: №11 «Аружан» бала бакшасы.
- Жарайсындар балалар !

(Осы кезде музыка ойнайды , әртүрлі ұлт өкілдері қонаққа келеді)

- Сәлеметсіздерме, қонақтар !

(Осы кезде Зере келген қонақтарға Қ.Р -ң қазба байлықтары туралы көрермемен таныстырады .)

- Балалар мен сұрақ жауап сәті (отан туралы)
- Алинур отан туралы өлең шумақтарын айтып жібер .
- Алинур :

Туған елдің ұлымын
Аспанымдай мөлдірмін
Жайлауымдай жазықпын
Өзенімдей өршілмін
Гүлдерімдей нәзікпін
Қуат алған өзінен
Туған елдің ұлымын
Бакытты етіп өсірген
Отанымның гүлімін .

Тосын сәт .

- Балаларға Білімпаз апа қонаққа келеді , балалармен амандасады .
- Амансыңдарма балакандарым !
- (Балалар сәлемдеседі)

Апа : - Мен күншуақта демалып отыр едім , сендердің дауыстарыңды естіп бері қарай аядадым , Сендермен әңгіме дүкен құрайын : ақыл – ойларыңды дүниетанымдарыңды байқайын деп келдім . Ия айта беріңдер қарақтарым , не жайында әңгімелеп отыр едіңдер ?

(Балалар : Апа , біз достық , бірлік жайында әңгімелеп отырмыз)

Апа : Ә , бәрекелді ! Достық , бірлік жайында айтылған сөздердің артығы болмас . Бұларын жөн екен .

« Ауыл шеті төбе болса , ерттеп қойған атпен тең ,
Ауылыңда қартың болса , жазып қойған хатпен тең» , - деген сөз бар халқымызда . Мен сендерге өнеге болатындай бір ертегі айтып берейін .
Тыңдайсыңдарма ?

(Балалар : Ия, апа тыңдаймыз !)

« Піл мен маймыл ертегісі»

(Ертегі қуыршақ театры түрінде ұсынылады)

(Ертегіні апа айтады . Балалармен рөлге бөліп ойнайды .)

Тәрбиеші : Ана , ертегіңіз тамаша екен . Біздің балалар ертегінің терең мәнін түсініп , өздеріне жақсы сабақ алды деп ойлаймын .
Солай ма, балалар ?

Кәне , олай болса , айтыңдаршы , балалар ,

1. Үкі неліктен піл мен маймылды алмаға жұмсады ?
2. Достар бір-біріне қалай көмектесті ?
3. Ал сендер бір-біріңе қалай көмектесесіңдер ?

Ана : Балалар мен сендердің тапқырлықтарыңды тексеріп көрейін .

Ойын : «Ретін тап»

- Балалар , осы « Піл мен маймыл» ертегісі бейнеленген суреттердің ретін тауып , тақтаға сол ретпен іліндер .

Ана :

- Бәрекелді балалар , сендер менің ертегімді қызығушылықпен тындап , түсінгендеріңді көріп , қуанып отырмын .

Балаларым , дана халқымыз « Бірлік болмай , тірлік болмас» деген. Ұйымшылдық , татулық бар жерде , бірлік достық орнайды. Кең байтақ Қазақстанымызда көптеген ұлт өкілдері тұрады . Біз олармен тату – тәтті өмір сүріп жатырмыз . Біз бәріміз бірігіп , кез келген жұмысты тез және нәтижелі орындай саламыз . Бірлік , ынтымақ болса , береке де болады , балақандарым .

Сергіту сәті

Балалар , енді достық ,бірлік , ынтымақ туралы мақал – мәтел айтып жіберіңдер .

- | | |
|--|---------|
| 1. Досы көпті жау алмайды
Ақылы көпті дау алмайды. | Султана |
| 2. Асты көрсен қадір тұт
Досты көрсен қадір тұт . | Ернат |
| 3. Күлме досқа
Келер басқа . | Амалия |
| 4.Доссыз өмір түссыз – ас
Достық құлпын байқап аш . | Бехруз |

5.Ырыс алды-ынтымақ Мансур
Ынтымақ түбі – игілік .

6.Ынтымақ – бұзылмайтын қорған Зере
Қосылып еккен ағаш – орман .

7. Бірлігі жоқ ел тозады Жосурбек
Бірлігі күшті ел озады .

Балалар, орнымыздан тұрып, « Дос болайық бәріміз» әнін айтып жіберейік .

Қорытынды :

-Біз өз отанымыз Қазақстанды сүйеміз , құрметтейміз . Кең байтақ қазақ даласында көптеген ұлт өкілдері тұрады . Олар бір-бірімен татау-тәтті , дос , бауырмал . Бүгін біз іс – әрекетімізді осы бірлік , достық , татулық туралы кең түрде әңгімелестік . Бірлік , ынтымақ бар жерде береке , татулық , сыйластық болатынын білдік .

Балалар , тақтада Қазақстан Республикасының картасы ілініп тұр . Қазір сендер бірлігіміз жарасқан елімізге , кең байтақ жерімізге деген жылы сөздерінді айтып, колдарыңдағы қағаз жүрекшелерді осы картаға апарып жапсырыңдар .

(Тақтамен жұмыс . Балалар Қ.Р картасына жүрек жапсырады)

Ән : « Жас ұлан»

Апа :

- Қарақтарым , мен бүгін , сендермен әңгімелесіп , сендердің қандай білімді , өнерлі екендеріңді көріп , көңілім көтеріліп қалды . Осындай ынтымағы жарасқан елімізде өздеріңдей өнерлі де , білімді , достықтың бірліктің қадірін білетін жас ұрпақ өсіп келе жатқанына қуанып отырмын . Кәне , балаларым , колдарыңды жайыңдар, мен сендерге ақ батамды берейін .

Берген батам берік болсын.
Өмірлеріңе көрік толсын .
Ор шаңыраққа қасиет,
Бақ періштелер келіп қонсын .
Балаларым , әр өнердің жұлдызы болыңдар !

Халқымыздың үлгі тұтар ұл-қызы болыңдар !
Өмірлерінде мағына , жарасым болсын !
Еліміз аман, жұртымыз тыныш болсын !
Бірлігі берік , түндігі түзу Алаштың болсын!

Әмин !

Би : «Достық биін» билейді .

**Шымкент қаласы білім басқармасы мемлекеттік коммуналды қазыналық
кәсіпорны №11 «Аружан» бөбекжай-бақшасы**

Ашық ұйымдастырылған оқу қызметінің анықтамасы

28.04.2021 жыл

Тобы №5 «Күншуақ», жас ерекшелігі: мектепке даярлық тобы, бала саны-15 бала
Тәрбиеші: жоғары санатты Жалгасова Айнаш Кургановна

Білім саласы: "Қатынас", "Таным", "Шығармашылық", "Әлеумет"

Білім бөлімі: тіл дамыту, көркем әдебиет, жаратылыстану, музыка

Тақырыбы: «Біз біргеміз!»

Мақсаты: Балалардың патриоттық сезімдерін ояту, бірлік, татулық, достық ұғымдарын түсіне білуге, оларды құндылық ретінде көруге тәрбиелеу, баланың өз ұлтына, тілі мен туған жеріне деген сүйіспеншілігін арттыру, Отаның сүюге, оны қорғауға тәрбиелеу.

Әдісі: Театрландыру, дидактикалық ойындар ойнау, әндерді орындау.

Көрнекіліктер: ҚР картасы, ҚР қазба байлықтары көрсетілген карта, театрландыруға қажетті заттар: ойыншықтар, ширма, ағаштар, муляждар, аудиозвук жазылған таспалар, қағаз жүрекшелер.

ҰОҚ құрылымы: Шаттық шеңбері, сұрақ-жауап сәті, Тосын сәт: әр түрлі ұлт өкілдерінің қонаққа келуі, "Піл мен маймыл" ертегісін сахналау. "Ретін тап" дидактикалық ойыны, "Дос болайық бәріміз", "Жас ұлан" әндерін орындау, ұоқ құрылымы, ұзақтылығы сақталды.

Балалардың білімі: балалардың іс-қимыл әрекеттері мектепке даярлық, топқа сәйкес, ұоқ барлық бала қызығушылық танытып қатысты, ертегіні ролдерге бөліп сахналай білді, тақтада жұмыс жасай білді, балалар бір-біріне жүрекшелерді сыйлап, жақсы тілектерін айтып, музыка жетекшісімен әндерді шырқады. Көңілді атмосфера құра білді.

Мұғалімнің ұстамдылығы: ҰОҚ құрылымын ұстанады, тосын сый жасай білді, балаларды ұлтжандылыққа, имандылыққа бейімдей отырып, адами құндылықтарды меңгерте білді, ұоқ жүргізу барысын шебер меңгерген.

Сөз алғандар: меңгеруші А.Есбол балаларға өте қызықты болғанын айтып, пандемия кезінде нақты тақырып екенін айтып, тәрбиешіге сәттілік тіледі.

Берілген баға - 5

Әдіскер



Л.Жалымбетова

Тәрбиеші

А.Жалгасова



Ұйымдасқан ашық іс-әрекеттерді талдау.

Күні: 28.04.2021 жыл **№5 «Күншуақ» ересектер тобы** **бала саны:** 15 бала
Тақырыбы: «Біз біргеміз!» «Қатынас», «Таным», «Шығармашылық», «Әлеумет» б.с.
Тәрбиеші: Жалғасова Айнаш Кургановна

№	Талдау талаптары	бағалар			
		00	01	02	03
I	1. Ашық іс-әрекетті жоспарлау				*
	2. Бағдарлама талабына сай келуі				*
	3. Іс-әрекеттің көлемі және мазмұны			*	
	4. Балалардың даму деңгейіне сай келуі				*
	5. Шектеу шараларының орындалуы				*
II	1. Іс-әрекетті ұйымдастыру			*	
	2. Іс-әрекет кезінде балаларға гигиеналық жағдай туғызу			*	
	3. Тәрбиешінің көрнекіліктерді қолдана білуі				*
	4. Үлестірмелі материалдармен жұмыс жасай білуі		*		
III	1. Іс-әрекеттің құрылымы			*	*
	2. Ұзақтығы, әдіс-тәсіл жұмыстарының түрлілігі			*	
	3. Жеке-дара жұмыс			*	
	4. Балалардың белсенділігі				*
	5. Тәрбиешінің тілі (мәнерлілігі, анықтығы, жеткізе білуі)				*
IV	1. Балалардың дағдылығы мен білімі				*
	2. Балалардың тілі (сөз байлығы, сөз құрылымы, айтылымы)			*	
	3. Жұмыстың орындалу бағасы				*
	4. Талдау, салыстыру, қорытындылау				*
	5. Тәрбиешінің тапсырманы орындауы, сұрақ қоя білуі				*
V	1. Іс-әрекетте білім беру, сауықтыру және тәрбиелеу мәбәқсаттарының байланысы				*
Жалпы бағасы: 54 балл		0	1	14	39

Қорытынды: Ұйымдасқан іс-әрекет стандарт талаптарына сай, пандемия кезіндегі шектеу талаптары сақталып өткізілді. Балалардың жас ерекшеліктері сақталып, жоспарланған. Тәрбиешінің, музыка жетекшісінің бірлесіп еткен еңбектерінің нәтижелері көрініп тұр. Педагогтардың шеберлігі өте жақсы, балаларды ұйымдастырып, әңгімеге баулап, қызығушылықтарын арттыра білді. Балалар қызығушылықпен іс-әрекетке қатысып, жеке бас гигиенасын сақтауды меңгерген.

Әдістемелік нұсқаулар: Балалармен іс-әрекеттерде, серуенде шектеу шараларын, талаптарын қатаң сақтау қажет.

Талдау өткізуші әдіскер: Д. Жалымбетова.



С. М. С.
А. К. С.

Таныстым:

А. К. С.

